

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

ЭКОНОМИКА КАФЕДРАСЫ

КӘСІПОРЫН – ЭКОНОМИКАНЫҢ  
НЕГІЗГІ БУЫНЫ

Андабаева Гульмира Кенжегалиевна



# Дәрістің негізгі мақсаты

Кәсіпорынның негізгі сипаттамасы мен түрлерін анықтап, ұйымдық-құқықтық нысандарын көрсету. Кәсіпорын қызметіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды анықтау.

1

Кәсіпорын сипаттамасы мен түрлері

2

Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандары

3

Кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасы

# Ұсынылған әдебиеттер

1. Андабаева Г.К. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы .- Алматы: Қазақ Университеті. 2021
2. Мейірбеков А.Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы.- Алматы: Эверо. 2014.
3. Сабирова Р.К. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. - Алматы: Экономика. 2009
4. [www.atameken.kz](http://www.atameken.kz) Atameken Academy онлайн-платформасының материалдары
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>
6. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>

1 сұрақ  
Кәсіпорын  
сипаттамасы мен  
түрлері



Кәсіпорын – заң тәртіптері бойынша тіркеуден өткен, мүлікті пайдаланудан, жұмыстарды орындау немесе қызмет көрсету арқылы тауарларды сатудан пайда табуға жүйелі түрде бағытталған кәсіпкерлік қызмет субъектісі.

# Кәсіпорын



– сұранысқа қажетті өнім өндіру, жұмыстарды орындау және қызметтүрлерін көрсету үшін материалдық және ақпараттық ресурстарды пайдаланатын жан-жақты шаруашылық субъект.

– өз қызметімен жеке дербес түрде айналысады, салықтар, басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалған пайда мөлшерін өзі бөледі

– жеке дербес тауар өндіруші

## **өндірістік-техникалық бірлік**

технологиялық бірлікті иеленетін өндіріс қорларының кешенімен және өндірістік үрдістердің жеке кезеңдерінің өзара байланысы

## **ұйымдастырушылық бірлік**

ішкі құрылымы мен басқару тәртібі бар ұйымдасқан ұжым

## **экономикалық дербестілік**

материалдық, қаржы, техникалық ресурстары, сонымен бірге қызметтің экономикалық нәтижелерінің бірлігі

## **әлеуметтік бірлік**

нақты әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен мүдделермен байланысқан түрлі біліктілігі бар адамдар ұжымы

# **Кәсіпорын сипаттамасы**

нарықтық  
қатынастардағы жеке  
субъект ретінде бөліп  
көрсететін негізгі  
белгілерін  
анықтайды



# Қолданылатын шикізат сипатына байланысты

1

өндіру  
өнеркәсібінің  
кәсіпорындары

2

өңдеу  
өнеркәсібінің  
кәсіпорындары



# Халық шаруашылығындағы кәсіпорынның салалық құрамының екі анықтамасы

1

ӘКІМШІЛІК-  
ҰЙЫМДАСТЫРУ-  
ШЫЛЫҚ

кәсіпорын қызметінің негізгі түрі мен қандай-да бір салаға жатқызылуын ескереді

2

ӨНІМДІК

сала өнімінің әр түрі бойынша өндіріс құрылымы мен көлемі анықталады

# Салааралық құрылымы бойынша кәсіпорындар түрлері

1

«жеке»

мамандандырылған

жаппай немесе ірі

сериялы өндіріс

өнімдерінің шектеулі

ассортиментін

шығаратын кәсіпорындар

(шойын, ет, бидай өндірісі

және т.б.)

2

көп профилді

кәсіпорындар

түрлі жағдайда

пайдаланылатын және

кең ассортиментті

өнімдерді шығарады

3

аралас

кәсіпорындар

шикізаттың немесе

дайын өнімнің бір

түрін қатарлас немесе

тібектей түрде басқа

түрге, үшінші бір түрге

ауыстырады

# Қолданылатын шикізат сипатына байланысты

1 өнеркәсіптік

2 өндірістік

3 сауда


4 транспорттық

5 инвестициялық және т.б.

## 2024 жылғы қаңтар-наурыздағы ШОК субъектілері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің құрылымы




пайызбен



Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі 68,6%, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 18,3%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 13%, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 0,1%-ды құрады.

2 сұрақ  
Кәсіпорынның  
ұйымдық-құқықтық  
нысандары

# Кәсіпкерлік субъектілері



# Заңды тұлға болып табылатын ұйым

- меншік, шаруашылық жүргізу немесе  
жедел басқару құқығындағы оқшау  
мүлкі бар


сол мүлікпен өз міндеттемелері  
бойынша жауап береді

өз атауынан мүлктік және мүлктік емес  
жеке құқықтар мен міндеттерге ие  
болып, оларды жүзеге асыра алады

сотта талапкер және жауапкер  
бола алады

дербес балансы немесе сметасы болуға  
ТИІС

# Заңды тұлғалар





# Заңды тұлғалар қызмет ету мақсаттарына байланысты

1

коммерциялық  
ұйым

қызметінің негізгі мақсаты  
табыс келтіруді көздейді

2

коммерциялық  
емес ұйым

қызметінің негізгі мақсаты  
пайда келтіру ғана емес  
және алынған таза табысын  
қатысушыларына  
үлестірмейтін ұйым

# Кәсіпкерлік келесі түрлерде жүзеге асырылуы мүмкін

## 1

### өзіндік (жеке)

бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады

## 2

### бірлескен кәсіпкерлік

жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады

# Бірлескен кәсіпкерліктің нысандары

- ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі;
- шаруа қожалығының ортақ бірлескен меншігі немесе жекешелендірілген тұрғынжайға ортақ бірлескен меншік негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;
- жеке кәсіпкерлік ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де нысандар.

# Заңды тұлғалар қызметі

1

құрылтай шарты

2

жарғысы

3

заңды тұлғаны құру туралы  
жазбаша түрде ресімделген шешімі




adilet.gov.kz

Коммерциялық емес ұйым әділет  
органдарында мемлекеттік  
тіркелуге жатады



gov4c.kz

Коммерциялық ұйым "Азаматтарға  
арналған үкімет" мемлекеттік  
корпорациясында мемлекеттік  
тіркелуге жатады



# Кәсіпорынның ұйымдық- құқықтық нысандары

Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға.

Акционерлік қоғамның акционерлері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Акционерлік  
қоғам

# Акционерлік қоғамдар

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ



<https://www.kmg.kz>

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ



<https://halykbank.kz>

Акционерлік қоғам

«KEGOC» АҚ



<https://www.kegoc.kz>

«ҚазТрансОйл» АҚ



<https://kaztransoil.kz>

«Kaspi Bank» АҚ




<https://www.kaspibank.kz>

# Шаруашылық серіктестік

Жарғылық капиталы  
құрылтайшылардың  
(қатысушылардың) үлесіне  
(салымдарына) бөлінген  
коммерциялық ұйым. Шаруашылық  
серіктестіктер толық серіктестік,  
сенім серіктестігі, жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік, қосымша  
жауапкершілігі бар серіктестік  
нысандарында құрылуы мүмкін.



# Шаруашылық серіктестік түрлері



«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС



<http://www.kazakhmys.kz>

Теңізшевройл



<https://www.tengizchevroil.com>

Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік  
қызмет үшін мүшелік негізде  
олардың өз еңбегімен қатысуына  
және өндірістік кооператив  
мүшелерінің мүлктік жарналарын  
біріктіруіне негізделген ерікті  
бірлестік.

Кооператив мүшелері екеуден кем  
болмауға тиіс.

Өндірістік  
кооператив

# Өндірістік кооператив




# Мемлекеттік кәсіпорындар

- шаруашылық жүргізу құқығына негізделуі мүмкін
- оралымды басқару құқығына негізделуі мүмкін (қазыналық кәсіпорын).

Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және оны салымдар (үлестер, жарналар) бойынша, соның ішінде кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

# Мемлекеттік кәсіпорын



«Алматы қаласы әкімдігінің халықты  
жұмыспен қамту орталығы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

<https://cz-almaty.kz>

# ШОК субъектілері қызметінің негізгі көрсеткіштері

## ШОК субъектілері қызметінің негізгі көрсеткіштері

|   | 2024 жылғы 1 сәуірге | 2023 жылғы 1 сәуірге |
|---|----------------------|----------------------|
| Шағын және орта кәсіпкерліктегі тіркелген субъектілер, бірлік | 2 187 241            | 2 129 821            |
| соның ішінде:   |                      |                      |
| шағын кәсіпкерліктің кәсіпорындары                            | 458 497              | 444 604              |
| орта кәсіпкерліктің кәсіпорындары                             | 3 048                | 2 989                |
| дара кәсіпкерлер  | 1 453 036            | 1 422 792            |
| шаруа немесе фермер қожалықтары                               | 272 660              | 259 436              |

# ШОК ұйымдық-құқықтық нысандар бөлінісінде

Ұйымдық-құқықтық нысандар бөлінісінде тіркелген субъектілердің көп санын дара кәсіпкерлер – 1,5 млн. бірлікті, одан жұмыс істеп тұрғандар 1,4 млн. бірлікті құрайды.

Жұмыспен қамтылғандар санының ең көбі шағын кәсіпкерлікке – 1,7 млн. адам және дара кәсіпкерлерге – 1,8 млн. бірлік келеді.

Шағын кәсіпкерліктің өнім шығарылымы 10 трлн. теңгені құрады, бұл барлық ШОК субъектілерінің жалпы өнім шығарылымынан 60,3% ды құрайды.

3 сұрақ  
Кәсіпорынның ішкі  
және сыртқы  
ортасы





Кәсіпорын – бұл ашық жүйе.

Ол сыртқы ортамен белсенді түрде әрекет еткен жағдайда ғана қызмет жасай алады.

Осы жүйенің дамуы ұйымның ішкі ортасының өзара байланысты бөліктерден құралатын бір бүтін ретіндегі көрсетуге мүмкіндік берді


# Ұйымның ішкі айнымалыларының өзара байланысы





# Кәсіпорынның ІШКІ ортасының құраушылары

Кәсіпорынның  
сыртқы орта  
факторларының  
әсер ету үлгісі



# Сыртқы ортаның сипаттамалары

Сыртқы орта факторларының өзара байланыстылығы бір фактордың өзгерісі екінші бір факторға әсер ету күшінің деңгейін анықтайды.

Сыртқы орта күрделілігі деп ұйымға әсер ететін факторлардың санын қарастырады және есепке алынатын әрбір фактордың варианттылық деңгейі деп түсіндіріледі.

Сыртқы орта анықсыздығы нақты фактор туралы жеке тұлғада немесе ұйымда бар ақпараттар көлемімен және сол ақпараттардың анықтығындағы сенімділік дәрежесімен сипатталады.

Сыртқы ортаның қозғалыста болуы ұйым аумағындағы өзгерістердің болу жылдамдығын сипаттайды.

## Қайталауға арналған сұрақтар:

- 1) Кәсіпорын сипаттамасын атаңыздар. Негізгі белгілерін көрсетіңіздер.
- 2) Нарықтық қатынастар жүйесіндегі кәсіпорынның алатын орнын көрсетіңіздер.
- 3) Кәсіпорынның қандай түрлері бар? Әрқайсына сипаттама беріңіздер.
- 4) Кәсіпорынның негізгі меншік нысандарын атаңыздар.
- 5) Заңды тұлға белгілерін атаңыздар. Заң бойынша түсініктемесін келтіріңіздер.
- 6) Жарғылық капитал дегеніміз не? Қалыптасу көздері қандай?
- 7) Коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың айырмашылықтары қандай?
- 8) Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандарына сипаттама беріңіздер.
- 9) Акционерлік қоғам артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыздар.
- 10) Шаруашылық серіктестік артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіңіздер.
- 11) Өндірістік кооперативтердің құрылу ерекшеліктерін көрсетіңіздер.
- 12) Мемлекеттік мекеме сипаттамасы қандай?
- 13) Кәсіпорынның ішкі ортасының негізгі элементтерін атаңыздар.
- 14) Кәсіпорынның сыртқы ортасының негізгі құраушыларын атаңыздар.
- 15) Кәсіпорынның миссиясы, кәсіпорын мақсаты деген түсініктерге анықтама беріңіздер.

Өз бетінше  
шығарылатын  
есептер

Анықтамалық  
және құқықтық  
жүйелермен  
өзіндік жұмыс

Тақырып бойынша  
білімдеріңізді тексеруге  
арналған тест  
тапсырмалары

## Семинар сабақтарының мазмұны

Зерттеу сипаты бар  
тәжірибелік тапсырмалар  
(қолданыстағы заңнамалық  
нормаларды пайдалану  
арқылы орындалады)

Ашық сұрақтар  
(немесе  
ойлануға  
арналған  
сұрақтар)

Кейстар  
Кейс 1. Қазақстан  
қаржыгерлер  
қауымдастығы (ҚҚҚ)  
Кейс 2. Мақаланы  
талдау

Сұрақтарыңыз болса

+7 (701) 320-37-24

[andabayeva.gulmira@kaznu.edu.kz](mailto:andabayeva.gulmira@kaznu.edu.kz)

